

А.А. Сейітбекова^{1*} , **Г.М. Мамырбек¹** 

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: ainurseit@mail.ru

СЕЙФ САРАИДІҢ «ГҮЛИСТАН БИТ-ТҮРКИ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Аңдатпа. Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштері тілі түркі халықтарының дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, болмысын бейнелейтін көркемдеуіш-стильдік құралдарға өте бай. Осыған орай Алтын Орда дәуірінде жазылған Сейф Сараидің «Гүлістан бит-түрки» (бұдан әрі – «Түрікше Гүлістан») жазба ескерткішіндегі фразеологизмдер мен метафораларды қарастыру – тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Ескерткіш тіліндегі фразеологизмдер мен метафоралар екі аспекті бойынша талданады: құрылымдық-семантикалық және лингвокогнитивтік талдау. Фразеологизмдер лексика-семантикалық тұрғыдан төрт топқа бөлінеді, олардың қазақ тілімен сабақтастығы талданады. Жазба ескерткіштің сегіз бабы бойынша жинақталған фразеологизмдер мен бейнелі тіркестер сол дәуірдің діни таныммен астасып жатқан халықтың болмысын, таным-түсінігін бейнелейтін «Адам» концептісін құрайды. «Адам» концептісі «Адам – билік», «Адам қанағатшылық», «Адам – тілге сақ болу» лингвокогнитивтік модельдерге бөлініп талданады.

Жұмыс қорытындысының практикалық мәні. «Түрікше Гүлістан» мәтініндегі метафоралар мен фразеологизмдерге берілген лингвистикалық түсіндірмелер Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Қазақ тілінің ұлттық корпусы аясында әзірленіп жатқан «Тарихи ішкорпусының» ортағасырлық мәтіндердегі тілдік бірліктердің семантикалық белгіленімдерін әзірлеуде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: «Түрікше Гүлістан», Сейф Сараи, жазба ескерткіш, метафора, фразеологизм.

А.А. Сейітбекова^{1*}, **Г.М. Мамырбек¹**

¹Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: ainurseit@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ В ПИСЬМЕННОМ ПАМЯТНИКЕ СЕЙФА САРАИ «ГУЛИСТАН БИТ-ТУРКИ»

Аннотация. Язык письменных памятников эпохи Золотой Орды богат такими художественными-стилистическими средствами, как фразеологизмы и метафоры, которые отражают мировоззрение и быт тюркских народов. Поэтому актуальность темы исследования обусловлена ценностью изучения фразеологизмов и метафор, встречающихся в письменном памятнике Сейфа Сараи «Гюлистан бит-турки» (далее – «Түрікше Гүлістан») периода Золотой Орды. В статье анализируются фразеологизмы и метафоры по двум аспектам: структурно-семантический и лингвокогнитивный. Фразеологизмы и метафоры делятся на четыре лексико-семантические группы и анализируется их преемственность с казахским языком. Фразеологизмы и образные выражения, собранные по восьми разделам письменного памятника, образуют концепт «Человек», которые отражают бытие, познание народа. Они переплетаются с религиозным познанием того периода. Концепт «Человек» подразделяется и анализируется по лингвокогнитивным моделям «Человек – власть», «Человек – удовлетворение», «Человек – о пользе немногословности».

Практическая значимость работы. Лингвистические пояснения к метафорам и фразеологизмам в тексте «Түрікше Гүлістан» могут быть использованы в практической разработке семантических метаразметок языковых единиц средневековых текстов исторического подкорпуса. Они разрабатываются в рамках Национального корпуса казахского языка в Институте языкознания им. Ахмета Байтурсынова.

Ключевые слова: «Гүлістан бит-турки», Сейф Сараи, письменный памятник, метафора, фразеологизм.

A.A. Seitbekova^{1*}, **G.M. Mamyrbek¹**

¹Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: ainurseit@mail.ru

PHRASEOLOGICAL UNITS IN A WRITTEN MONUMENT SAFE SHEDS «GULISTAN BIT-TURKI»

Annotation. The language of written monuments of the Golden Horde era is rich in such artistic and stylistic means

as phraseological units and metaphors that reflect the worldview and way of life of the Turkic peoples. Therefore, the relevance of the research topic is due to the value of studying phraseological units and metaphors found in the written monument of the Sarai Safe «Gulistan bit-Turki» (hereinafter – «Turkshe Gulistan») of the Golden Horde period. The article analyzes phraseological units and metaphors in two aspects: structural-semantic and linguocognitive. Phraseological units and metaphors are divided into four lexical and semantic groups and their continuity with the Kazakh language is analyzed. Phraseological units and figurative expressions, collected in eight sections of the written monument, form the concept of «Man», which reflect the existence and knowledge of the people. They are intertwined with the religious knowledge of that period. The concept of «Man» is subdivided and analyzed according to the linguocognitive models «Man – power», «Man – satisfaction», «Man – about the benefits of laconicism».

The practical significance of the work. Linguistic explanations of metaphors and phraseological units in the text of "Turkshe Gulistan" can be used in the practical development of semantic meta-marks of linguistic units of medieval texts of the historical subcorpus. They are being developed within the framework of the National Corpus of the Kazakh Language at the Institute of Linguistics Akhmet Baitursynov.

Keywords: «Gulistan bit-Turks», Safe Sheds, written monument, metaphor, phraseology.

Кіріспе

Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер – қазақтың рухани-мәдени жаратылысын, тарихын, тілдік ерекшелігін тануда бірден-бір сүйенетін құнды деректер. Мәдени-танымдық құндылығымен ерекшеленетін Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштерінің бірі – Сейф Сараидің «Түрікше Гүлістаны». Сейф Сараидің бұл туындысы парсы тілінде жазылған Сағди Ширазидің «Гүлістанынан» ортағасырлық түркі тіліне еркін аударылған құнды шығарма. Сейф Сараи сол кезеңдегі түркі жұртының таным-түсінігіне, салт-дәстүріне лайықтап аударған.

1950 жылы түрік ғалымы Феридун Нафиз Узлук Сейф Сараидің «Түрікше Гүлістан» қолжазбасын жариялағаннан бері ескерткіштің тілі жайында бірқатар зерттеулер жасалды (Uzulukun, 1954: 19). Белгілі түркітанушы ғалым Э.Наджиптің аталмыш ескерткіштің тілі бойынша көпжылдық зерттеу нәтижесінде қыпшақ-оғыз әдеби тілінде жазылған шығарма деген қорытындыға келеді (Наджип, 1975: 208). Ескерткіштің негізгі тілі – қыпшақ элементтері болғандықтан, қыпшақ тілінің көркем образдарды сомдауда бейнелі тіркестерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, қанатты сөздерді молынан пайдаланған. Бұндай көркем тілді сөз орамдары сол дәуірдегі түркі халықтарының дүниетанымынан, мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен белгілі бір деңгейде көп мағлұмат береді. Тарихи-салыстырмалы зерттеу нәтижесінде қазақ халқының ортағасырдағы түркі халықтарының таным-түсінігімен сабақтастығын айқындауға болады. Осыған байланысты мақаланың мақсаты – «Түрікше Гүлістан» жазба ескерткішіндегі фразеологизмдер мен метафораларды құрылымдық-семантикалық тұрғыдан топтастыру, лингвокогнитивтік модельдерге бөлу, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын айқындау.

Материал және әдістер

Зерттеу барысында XIII–XVII ғғ. Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштер тілін зерттеген Э.Наджип, Б.Сағындықұлы, Р.Сыздық, М.Сабыр, Ә.Ибатов, Х.Ю.Минненгулов, Х.Усманов т.б. түркітанушы ғалымдардың еңбектері, зерттеу жұмысының дереккөзі ретінде Сейф Сараидің «Түрікше Гүлістаны» жазба ескерткішінің 1980 жылы Қазанда басылған Хатиб Усманова мен Зейнап Мақсұтованың авторлығымен жарияланған нұсқасының көшірмелері пайдаланылды (Усманова, Махсудова, 1980: 249).

Жазба ескерткіш тіліндегі фразеологизмдер мен метафораларды өзге ортағасыр жазба ескерткіштермен салыстыруда *тарихи-салыстырмалы әдіс*, қазақ тілімен сабақтастығын зерттегенде *диахронды-синхронды*, *салыстамалы-сипаттамалы*, мәнмәтін талаптарына сай талдауда *семантикалық-контекстік* талдау әдістері пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Ортағасыр жазба ескерткіштер тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты сөз орамдары (мақал, мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер) Э.Наджип, Б.Сағындықұлы, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, М.Сабыр, І.Кеңесбаев, Н.Уәли, Г.Смағұлова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдердің қазақ тіліне қатыстылығы тұрғысынан белгілі ғалым Р.Сыздық Ясауи тілінде қолданылған көптеген фразеологизмдер сол мағынада және құрылымда, фонетикалық сияқты алмасуларды есептемегенде, қазақ тілінде орын алатынын көрсетуге болатындығын айтады (Сыздық, 2004: 98). Проф. М.Сабыр: «Тұрақты

тіркестердің қалыптасуы – ұзақ үдеріс. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің түп тамырын жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тұлғалармен сабақтастыра зерделесек, сабақтастықты, ортақтықты анық көреміз», – дейді (Сабыр, 2003: 102). Ортағасыр жазба ескерткіш тілінің лексикалық қабаты араб, парсы сөздерінен тұратынын ескерсек, араб, парсы тілдерінен калькаланған фразеологизмдердің де кездесетініне куә боламыз. Бұл жайында проф. Б.Жұбатова: «Араб, парсылық кірме фразеологизмдердің тілге ену кезеңін анықтауда диахрондық зерттеулер қажет. Қазір «кірме» деп танылып отырған фразеокұрылымдардың «көнелігіне» ортағасырлық жазба ескерткіштердегі тұрақты тіркестер арқылы көз жеткіземіз», – дейді (Жұбатова, 2008: 13). Проф. Ж. Манкеева атап көрсеткендей, «көне мәтіндік тілдік деректер бір ұлттық ұжымда өмір сүріп, қызмет істеген адамдардың (тіл ұстанушылардың) ұзақ этномәдени даму жолын танудың бір құралы, маңызды таным тетігі ретінде айқындалады» (Манкеева, 2008: 21). Орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдер, метафоралар, т.б. бейнелі оралымдар сол дәуірдің рухани болмысын, рухани әлемін танытатындықтан, лингвокогнитивтік аспектісі тұрғысынан да қарастыруды қажет етеді.

Нәтижелер және талқылау

Ескерткіш тіліндегі фразеологизмдерді, метафораларды құрылымдық-семантикалық және лингвокогнитивтік тұрғыдан талдаймыз.

Құрылымдық-семантикалық талдау. Ескерткіш лексикасында түркілік те, кірме тілдік те қабаттардан тұратын фразеологизмдердің мол қоры жұмсалған. Ескерткіш парсы ақыны Сағди Ширазидің «Гүлістанынан» аударылғандықтан, калькалау жолымен жасалған фразеологизмдер де орын алған.

Сөз табы тұрғысынан қарастырсақ, есім мәнді, етістік мәнді деп бөлуге болады. Зат есім, сын есім, үстеу мәнді сөз тіркестері бейнелі мағынада қолданылып, метафоралы тіркестер болса, етістік мәнді тіркестер көбіне фразеологизмдер болып келеді. Күрделі етістіктердің мұндай есім және етістікті сөздер тіркесі ұзаққа созылған біртіндеп лексикалану процесінің нәтижесі. Яғни жазба ескерткіштерде еркін тіркестің негізінен қалыптасқан, құрамындағы компоненттерінің өзара мағыналық арақатынасына қарай *фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тізбектер, фразеологиялық тұтастық* деп бөлінеді. «Түрікше Гүлістан» құрамындағы сөздердің мағыналары бір-бірімен байланыста болып, өзіндік мағыналары мүлде жойыла қоймаған *фразеологиялық бірліктер* де (*хайран қалды* – таңғалу, *назар қылу* – көңіл бөлу, *уақыты иетті* – қайтыс болды, *ләшкер тартты* – жорыққа аттанды, *аш тартты* – ас берді, *рузе тұтұб* – ораза ұстап, *жан сатарға* – жан сату т.б.), сондай-ақ құрамындағы еркін тіркестердің теңеу салыстыру арқылы бейнелі мағынада жұмсалған *фразеологиялық тізбектер* де (*шекер ләфзі* – тәтті сөзді, *ғашықыңның ұстады* – махаббатыңның ұстазы, *аһалинің фариоды* – тұрғындардың зары, *ғашық жаны* – ғашықтар жаны, *ғашық оты* – ғашық оты, *ғашық саудасы* – ғашықтық сезім, *сөзлерімнің жәуһары* – сөзімнің гауһары, *шекер күлуші* – тәтті күлкі) т.б. молынан ұшырасады. Құрамындағы сөздердің өзара жымдасып, тұтас ұғымды білдіретін *фразеологиялық тұтастық* ескерткіш тілінде көп болмаса да, ара-тұра кездеседі: *жаны бұрнына келіп* (қиналып), *елі уа уычы тар* (қолы қысқа), *башымны уычыма алдым* (уайымдадым), *намұс йақасын иыртты* (намыстанды) т.б. Фразеологиялық тұтастықтың ескерткіш тілінде көп орын алмауы сөз тіркесі дамуының кейінгі дәуірдің жемісі болса керек (Сабыр, 2003: 94).

Фразеологизмдер семантикасы, құрылымы жағынан әртүрлі болады. Осы тұрғыдан алғанда, ескерткіштегі фразеологизмдерді қазақ тіліне қатысы тұрғысынан төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Семантикасы мен тұлғасы тұрғысынан сәйкес келетін фразеологизмдер.
2. Семантикасы сәйкес келгенмен, тұлғасы сәйкес келметін фразеологизмдер.
3. Қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін фразеологизмдер.
4. Калькалау тәсілімен жасалған фразеологизмдер.

1. *Семантикасы мен тұлғасы тұрғысынан сәйкес келетін фразеологизмдер.* Ескерткіш тілінен жинақталған бұл топтағы фразеологизмдердің қазақ тілімен семантикалық және тұлғалық

өзгеріске түспеген, тек дыбыстық айырмашылықтары бар тіркестер. Бұлардың көбі қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де сол қалпында кездеседі. Мәселен, *абруйы кесілер* (абыройы кетер), *адам ұғлы* (адам баласы), *ажал алыб* (ажал алып), *айыбыны көрүб* (айыбын көріп), *асылын біліб* (мәнін біліп), *үрүж тұтұр* (ораза ұстар), *көңүл баглаб* (көңіл аулап), *бахыл қылсұнлар* (қоштассын), *бәле келіб* (бәле келіп), *герештар болұб* (кіріптар болып), *жаурын чекмек* (жәбір шекпек), *дағуй көтеріб* (дау көтеріп), *көңіл ашар* (көңіл ашар), *құлақында тұтар* (есінде сақтар), *тәрк етіб* (тәрк етіп (тастап), *жан беріб* (жан беріп), *жаныны хатерға қойымайын* (жанын (басын) қатерге тікпейінше), *жаны бұрнына келіб* (қиналып), *жан чықса* (жан шықса), *ысы сауық татқан* (ыстық-суықтың дәмін татқан), *захмат чегерлер* (захмат шегеді), *зианы тигер* (зияны тиер), *тамеге түшмегіл* (бос қиялға түспе) т.б.

2. Семантикасы сәйкес келгенмен, тұлғасы сәйкес келметін фразеологизмдер. Бұл қатардағы фразеологизмдердің құрамындағы бір сыңары өзгерген, дыбыстық айырмашылықтары бар тіркестер. Мәселен, *хызмат бағлай едік* (қызмет көрсетер), *ғайбат түшті* (кірбің түсті), *гамгин қылұрсын* (көңіліне) қаяу түсірерсің), *ганимат көрүб* (дұрыс көріп), *көңүлдері бір азғын болды* (көңілдері біраз жайланғандай болды), *меннат тұтарлар* (қызметін құрмет тұтар), *бәле уа мехнат чекті* (бақытсыздыққа ұшырап, мехнат шекті), *бизар ерүр* (безер болар), *гәрм қылыб қылсаңыз* (ыстық ықылас білдірсеңіз), *гәрм уақыт* (алтын уақыт), *тәркин ұрұб* (бас тартып), *гарамат чекіб* (захмет шегіп), *көңіл дадыны* (көңіл қалауы), *елі уа уычы тар* (қолы қысқа), *суфрелер төкті* (дастарқан жайды), *суфре йарақты* (дастарқан жайды), *ақыл нақышын қачу қылды* (ой салды, ақыл қосты), *адами тәрк еттің* (адами қалпынан шықтың), *ажал балшығына батты* (ажал төнді), *ата елі бағлы* (сыйлық беруге сараң), *ифтар етер* (ауызын ашар), *көңүл алмақ* (жүрегін жаулау), *ғашық йолын кесті* (махаббатқа жол ашты), *жарахат ағрысын* (жарақаттың жанға батқанын), *жарахаты үстіне тұз қоймақны* (жараның аузын ашпа), *ғашық пардесін тұтты* (ғашық болды) т.б.

Бұл топтағы кейбір фразеологизмдердің құрамындағы кірме (араб, парсы) бірліктердің мағынасы түсініксіз болғанмен, қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатынын байқауға болады. Мәселен, *ата елі бағлы* «сыйлық беруге сараң адамға» қатысты қолданылған тіркес. Бұндағы «ата» сөзі парсының *сыйлық*, *тарту* мағынасында қолданылады.

Игітнің *ата елі бағлы* еді дуа қылмаға башлады нечекім міскінлік айтыб лүтф білән сөзледі айда қылмады. *Сыйлық беруге келгенде жігіттің қолы байлаулы (сараң) еді, дұға жасап, өтініш білдіріп еді, пайда болмады* (Гл).

Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасында: *Ата қылды шаһымға бұ жүмләнi. Осының бәрiн шаһыма сыйлық қылды* (АС).

Құтыптың «Хұсрау ууа Шырын» шығармасында: Бағышла бұ құлұнның йазұқыны *ата қыл* ол қатығ йол азуқыны. *Бағышта (кешір) бұл құлұнның жазығын, сыйла ол қиын жол азығын* (ХШ).

Бұдан түйетініміз, ескерткіштер тіліндегі «ата қыл» тіркесі қазақ тіліндегі *сыйлық тарту* мәніндегі «мал атадым», «бір қой атадым» т.б. қолданыстармен сабақтастығы бары аңғарылады.

Автор төменгі тап өкілдерін сипаттауда *елі уа уычы тар* (қолы қысқа), *жанлары бұрұнларына иетіб тұрұр* (жоқшылықтан жандары мұрындарының (ұшына) жетіп тұрған), *жүзінің суын төгіп* (ұялып) фразеологизмдерін қолданған. Мәтіннен үзінді:

Ол шахсының көб малы уа неғматы бар еді елі уа уычы тар міскінларка алтұн ақче үлештірді дағы мүсәфірлерке суфрелер төкті дағы фақирларкім фақедан жанлары бұрұнларына иетіб тұрұр еді анларыны дауаат қылды. *Ол адамның көп дүние-мүлкі, байлығы бар еді, қолы, уысы қысқа кедейлерге алтын ақша үлестірді де, мүсәпірлерге дастарқан жайды, жоқшылықтан жандары мұрындарының (ұшына) жетіп тұрған бірнешеуін шақырды* (Гл). Бір ұғры бір тіленчіге айтты ұялмаймысын кім тікме бір хасис қатына барыб бұ чұқ хабба үчүн иүз суын төгіб елің ұзартұр сән. *Бір ұры бір қайыршыға: «Ұялмайсың ба? Әрбір сараңның қасына барып, бір түйір (зат) үшін жүзінің суын төгіп, қолыңды созып тұрасың», – деді* (Гл).

Ескерткіш тіліндегі өлшем атауларына байланысты *бір ірім су* (бір жұтым су), *уыч тобрақ* (уыс топырақ), *бір лұқме үчүн* (бір түйір үшін), *бір екі кәлиме сөз сөзлемек* (бір екі ауыз сөз) т.б.

фразеологизмдердің кездесуі түркі халықтары мен қазақ халқының дүниетаным жүйесінің ортақтығын, сабақтастығын білдіреді.

3. *Қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін фразеологизмдер. Һауа уа һауас фаршыын тұрұб* – (әуесқойлық кілемін түріп), *ғида-е рух-у көңүллер* (көңіл рухының азығы), *ғиззат хасил етті* (құрметке ие болды), *ерадат айағы* (қайырымдылық аяғы). Мәтіннен үзінді:

Махфел ішінде олтұрұб дағуй көтеріб шекайат дәфтәрін ачты байлардан башлаб сөзні бүйірге кетүрді кім фақирларының құдыраты *елі бағлы* дағы байларының *ерадаты айағы* сынып тұрұр. *Бір топтың ортасында отырып, шағым кітапшасын ашты да, дау көтеріп, байлардан бастап жамандады: «Кедейлердің құдіретті қолы байлаулы, ал байлардың қайырымдылық аяғы сынып тұр», – деді* (Гл).

Бұл қолданыстар автордың өзіндік стильдік ерекшелігі болса керек. І.Кеңесбаев бұл жайында былай дейді: «Әрқилы әлеуметтік факторларға байланысты туған көптеген фразалардың о бастағы мағынасы әлденеше жүздеген жылдарды артқа тастаған соң, көмескілене бастайды. Тіпті, қайсыбір компоненттері өлі мүше ретінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Бұлар қай кезде, қандай жағдайға байланысты, қалай пайда болған деген мәселердің басын ашу оңай шаруа емес. Ал осылардың түптөркінін тексеріп, себеп-салдарын анықтаудың тіл тарихы мен мәдениеті үшін маңызы ерекше» (Кеңесбаев, 2007: 75).

4. *Калькалау тәсілімен жасалған фразеологизмдер.* «Түрікше Гүлістан» ескерткіші парсы тілінен аударылғандықтан, шығарма тілінде кірме фразеологизмдер, парсы тілінің изафеттік құрылымдары кездесетіні заңды құбылыс. Б.Жұбатова араб, парсылық кірме фразеологизмдер қазақ фразеологиялық қорының «шығыстық қабатын» түзіп, ажырамас бір бөлігіне айналғанын айта келе, бірқатар калькалау тәсілі арқылы аударылып алынған фразеологизмдерге тарихи-этимологиялық талдау жасайды (Жұбатова, 2008). Э.Наджиб аталмыш еңбектің тілдік ерекшелігін зерттей келе, парсы тілінен калькалау жолымен енген сөздерді байқайды. Ескерткіште түркілік «ұр» етістігі «ұру», «соғу» негізгі мағынасынан бөлек парсы тілінен «задан» сөзінің тікелей аудармасы. Сейф Сарай *қадам задан* етістігін калькалау тәсілімен «қадам ұру» деп аударған. Мысалы, мұны айтты дағы *қадам* жолға *ұрды*. Ұны айтты да жолға шықты. Сондай-ақ «ұру» көмекші етістігі ауыспалы мағынада да қолданылады. Мысалы, *Харамилар көп маллы керуен ұрдылар. Қарақшылар көп малы бар керуенді тонады* (Наджиб, 1975).

Татар ғалымы Х.Ю.Миненгулов парсы, түркі және татар тілдерінде мазмұны тұрғысынан сәйкес келетін фразеологизмдер мен образды сөздердің көп кездесетіндігін айтады (Миненгулов, 1972: 12).

1-кесте – Үш тілдегі тұрақты сөз орамдарындағы семантикалық сабақтастық.

Парсы тілінде	Татар тілінде	Қазақ тілінде
زبان درازی کردن	тел азайту	тілі ұзарды
بشنید دختر به تو میگویم عروى تو	Қызым, сина әйтәм, киленем, син тыңла.	Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда.
چاه مکان خود که افتى	Кешего чоқыр казына, үзең тәшірсең.	Біреуге ор қазба, өзің түсерсің.

Кестеде берілген фразеологизмдер мен мәтелдердегі семантикалық тұрғыдан сәйкес келуінің себебі парсы және түркітілдес халықтарының ұзақ ғасырлар бойғы тарихи-мәдени, тілдік қарым-қатынасында өмірдегі ұқсас құбылыстарды байқау нәтижесінде пайда болған тілдік репрезентанттары.

«Түрікше Гүлістанда» парсы тілінен ортағасыр түркі тіліне калькалау тәсілімен жасалған мынадай қолданыстар бар: *ندهمى دل* (дел надәһи) – көңіл бөлме, *روى ماه* (моһ руи) – ай жүзді т.б. Сонымен қатар шығарма тілінде калькалау тәсілімен жасалған *Зұхре көзлі* – Шолпан көзді, *гүл бәдәнлі* – гүл денелі, *гүл жамалы* – гүлдің сұлуы, *қамар йүз* – ай жүзді, *шекер ләфзі* – тәтті сөзін, *дiлбарымның зулфи* – сүйіктімнің бұрымы т.б. поэтикалық фразеологизмдер жыр жолдарының

көркемдігін арттыру үшін қолданылған. Парсы тілдік синтаксистік құрылымдармен келетін *аб-е хайат* – өмір суы, *аб-е хайваны* – мәңгілік суы, *бахшиши-е дәуләт* – бақыт сыйы, *хуш ділстан* – көңіл жұбанышы, *латиф-сурат* – жылы шырайлы т.б. изафетті тіркестердің жиі қолданылуы – парсы поэзиясының ықпалы басым екенін аңғартады.

Осылардың ішінде *аб-е хайат* тіркесінің түркі халықтарының санасында қалыптасқан мифологиялық ұғым ретінде ортағасыр және кейінгі фольклорлық әдебиеттерде жиі қолданылады. *Аб* парсы тілінде – су, *хайат* араб тілінде – өмір деген мағыналарды білдіреді. Бұл тіркес «мұхиттың қиыр шетінде, тұңғыық үйірім болады, мұның суын ішкен адам өлмейді-міс, мәңгі өмір сүреді-міс» деген нанымнан туындаған мифологиялық түсінік. Қисса-дастандарда «әбілхат» тұлғасында кездеседі. Аталмыш фраза «асқан асыл, мейлінше қымбат» ұғымында қолданылады (Кеңесбаев, 2005: 8).

Лингвокогнитивтік талдау. Фразеологизмдер мен метафораларды тек лексика-семантикалық тұрғыдан емес, тарихи-мәдени концептілер тұрғысынан да қарастыруды қажет етеді. Сейф Сараидің көтерген тақырыптары «Ел билеушілері», «Дәруіштердің әдет-ғұрпы», «Адамгершілік және қанағат», «Тілге сақ болудың пайдасы», «Жігіттік шақтың көріністері», «Кәріліктің адамды кәріп етіп қоятыны», «Тәлім-тәрбиенің әсері», «Сұхбаттасудағы әдептілік мәселесі». Осыған орай барлық баптың (тақырыпта) мазмұнында адам баласының рухани кемелденуіне қатысты әр қырынан берілген діни-дидактикалық насихаттар, алуан түрлі түсініктер мен ұғымдар «Адам» концептісін құрайды. Жалпы «Толық адам» мәселесі сонау көне түркі дәуірінен бастап, XI ғ. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», XII ғ. Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сый» т.б. шығармаларының негізгі өзегі болды. Оның жалғасы Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімінде жан-жақты түсіндіріледі. Яғни өз заманының әрбір ғұламалары қоғамды рухани кемелденуіне, ізгілендіруіне еңбек еткенін көреміз. Біз қарастырып отырған шығармада «Адам» концептісін тілдік репрезентанттары шығарманың өн бойында имплицитті және эксплицитті түрде кездесіп отырады. Мәселен, *адами қалпынан тәрк еттің* қазіргі қазақ тілінде «адамгершіліктен шықтың» тіркесіне сәйкес келеді.

Мүлк маламат қылыб айтты бері кел не нұқсан кетүрдің инсанның шараф нафсында кім барыб хайанлар фелін тұттұң дағы *адами тәрк еттің*. *Патша ұрсын: «Адам жанының асыл қасиеттерінен қандай кемшілік таптың, барып хайуандар әрекетін қабыл алдың да, адами қалпынан шықтың», – деді* (Гл).

«Адам» тұлғасын қалыптастыратын, рухани құндылықтарды өзек еткен *билік ету*, *қанағатшылдық*, *тілге сақ болу* когнитивтік модельдермен өрнектеліп, фразеологизмдер, метафоралар, қанатты сөздер, тіпті мақал-мәтелдермен репрезенттеледі.

«Адам – билік ету» когнитивтік моделі. Ақын алғашқы тарауын ел билеушілеріне: патшалар мен сұлтандардың, уәзірлердің, әскербасыларының, дін қайраткерлерінің іс-әрекеттеріне арнайды. Зұлым патшалар мен сұлтандардың өзінің қол астындағы қызметкерлерге, құлдарға қайырымды болуға, әлеуметтік мәселелерді әділдікпен шешуге насихаттайды. Кейбір хикаяттарда «билік» түсінігі мифологиялық, фольклорлық кейіпкерлердің әрекеттерімен Ескендір Зұлқарнайын, Сүйлеймен, Науширван, Хорезмшах және т.б. өріліп отырады. Осы тараудан орта түркілік «билік ету» таным-түсінігінің ерекше көрінісін ақын қолданған лексика-фразеологиялық қорынан байқауға болады.

Сейф Сараи оқырмандарына «билік ету» микроконцептісі аясында шығармада «зұлымдық пен қайырымдылықтың», «жақсылық пен жамандықтың», «шындық пен өтіріктің» арақатынасын ажырату үшін салыстырмалы түрде бинарлы оппозициядағы фразеологизмдерді қолданып отырады. Әсіресе, ақын адам бойындағы әділдікті, ізгілікті, мейірімділікті, жомарттықты мадақтайтын қызықты хикаяларды көбірек келтіреді. Мәтінде көбіне араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктермен репрезенттеледі. Мәселен, *дәуләтлі тахтың* – биік тағың, *арыз етті* – баяндады, *меннат тұтарлар* – қызметін құрмет тұтар, *гиззаты артқаны* – абыройы артқаны, *дад алсұн* – әділеттік тапсын, *жаһ уа мәртәбесін зиادات қылды* – дәрежесі мен мәртебесін көтерді т.б.

«Билік ету» микроконцептінің аясында вербалды және бейвербалды амалдарды танытатын лексикалық бірліктермен репрезенттеледі. Мәселен, *өбүп айтты мүлк иашы ұзұн болсұн* – жерді

өбіп тұрып: «Патшаның жасы ұзақ болсын!» сияқты тілек мәнді қолданыстар да орын алған.

Екінші бұларыны көрүб рауан маһазар тәртіб қылыб әділ хызметіне кетүрді дағы *йер өбүп айтты мүлк иашы ұзұн болсұн* бұл иерлі құлының үйіне түшмек білән мүлкның қадыр уажаһиндан нама кесілмес айды уа ликан тілемеділер әксук құлының ғыззаты артқаны. *Егінші бұларды көріп, дереу барын реттеп, әділ қызметіне кірісіп кетті, жерді өбіп тұрып: «Патшаның жасы ұзақ болсын! Бұл жарлы құлдың үйіне түскеннен патшаның мәртебесі кемімес еді, бірақ бейшара құлдың абыройы артқанын бұлар тілемейді», – деді* (Гл).

Зұлым патшалардың қатігездігін көрген қарапайым халықтың, кедей-кепшіктердің қиындық көрген оқиғаларын айшықтайтын *мұжаһаде чекіб* – азап шегіп, *жаурын чекмек* – жәбір шекпек, *мубтала болұп тұрұрлар* – қайғы-қасірет шегіп жүр, *жарахаты үстіне тұз қоймақ* – жазғыру т.б. фразеологизмдермен бейнеленеді.

«Адам – қанағатшылдық» когнитивтік моделі. Ақынның қанатшылдық жайында «Қанағат-ынсаптың пайдасы» деп аталатын екінші тарауында арналған хикаяттар мазмұнында ерекше көрініс табады. Ақын адам баласы қанағатшыл болу үшін *жомарт* – *сараң* адамдармен шендестіре отырып, баяндайды. Жомартты арабтың *кәрім*, сараңды *харис* сөздермен қарама-қарсы оппозицияда қолданып отырады. Әр хикаят метафоралармен, фразеологизмдермен, афоризмдермен түйінделіп отырады. Мәселен, Бір көб маллы тәжер бар еді мунхал білән мәшһүр әйлә кім *Хатымтай кәрәм білән* мазкур еді. *Дүниесі көп бір саудагер бар еді, ол сараңдығымен мәшһүр болса, ал Атымтай жомарттығымен ел есінде сақталған еді* (Гл).

Сондай-ақ аталмыш модель негізгі тірек сөз ретінде арабтың *нәфсі*, *сабыр*, *тәубе*, *қанағат*, *риза* сөздерімен репрезенттеледі.

Нәпсі қай дәуірде болмасын, билік, атақ-даңқ, жан құштарлығы мен тән құмарлығы сияқты түсініктерді қамтиды. Мәтінде имандылықтың бір белгісі ретінде діни мағынада мынадай фразеологизмдермен өрнектеліп отырады: *нәфс-е аммаре* – нәпсі билеп, *нафсісіне ұйыб кетмес* (нәпсінің жетегінде кете бермес), *нәпсі өлтіру* (нәпсіні жеңу) т.б. Ақын шығармада қанағатшылдықтың басты белгісі – нәпсіні ауыздықтай білуді, жеңе білуді фразеологизмдермен, афоризмдермен тәпсірлеп отырады. Хикаят үзіндісіне назар аударайық:

Фақир ерсе *нәфс-е аммаре* муталаба қылса йаман ішлерге чун ихсанның кууаты болмаса маасиат білән мубтала болұр нечүк кім қарын білән фарх екізак ерұрлер. *Кедейді тойымсыз нәпсі билеп алып, қанағаттандыруды талап етсе, риза етуге кедейдің шамасы жетпесе, нәпсі оны жаман істерге, күнә жасауға итермелейді* (Гл). Иемес ит сарқұтын келіп арслан ғар ішінде ажин өлер болса ариф ер *нафсісіне ұйыб кетмес. Ит сарқытын арыстан келіп жемес, үңгір ішінде аштан өлер болса, ақылды ер нәпсісіне ұйып кетпес* (Гл). *Нәфсісін өлтүрген ер болұр ғазы ер есең хасил ет аның бекин ат. Нәпсісін өлтүрген ер жауынгер деген атқа ие болар, ер болсаң, ие бол сондай атқа* (Гл).

Шығарма тілінің көркемділігін арттырған метафораның бір түрі – балау. Ақын көп жегендерді *хайуанға*, аз жегендерді *періштеге* балайды:

Көб йегенлер йатұр баһайам тек аз йегенлер болұр фериште сифат. Көп жегендер жатыр хайуан сияқты, аз жегендер болар періште сипат (Гл).

Сараң, ашкөз адамдардың материалдық құндылықтары ретінде *мал*, *тамақ*, *киім*, *шарап*, *асыл бұйымдар* екенін көрсете отырып, бар байлыққа қанағаттанып, қайыр-садақа сұраудан бас тартып, еңбектенуге шақырады.

Ей, мал уа нығмат иелері әгәр сізде ынсаф дағы бізде қанағат болса едісу ал *ресми жаһандан* кеткей еді. *Ей, дүние-мүлік және байлық иелері, егер сіздерде ынсап, қанағат болса, қайыршылық жаһаннан кеткей еді* (Гл).

Ақынның *қайыршылық жаһан* тіркесіндегі ауыспалы мәндегі *жаһан* сөзі перефразданып, қайыршылықтан толық құтылу жолына шақыру мақсатында қолданып отырған болса керек.

Жалпы қанағатшыл болу, барға шүкіршілік ету, тәубешілдік таныту – ислам діні жолындағы басты ұстанымдардың бірі. Ортағасыр мәтіндерінде бұл ұстаным мәтін үзінділерімен де репрезенттеліп отырады.

«Адам – тілге сақ болу» когнитивтік моделі. Ақын шығармасында тілге сақ болу – әдептіліктің басты кредосы ретінде «Тілге сақ болудың пайдасы» тақырыбында бір тарау

арнайды. XI ғасырда Ахмет Йүгінеки де өзінің «Ақиқат сый» шығармасында «Тілді тыю – әдептіліктің шарты» деп бір тарау арнаған. Яғни бұдан тілге сақ болу мәдениеті көне дәуірден келе жатқан өзінің өзектілігін жоймаған тың тақырыптардың бірі екендігін көрсетеді. Ақын тілге сақ болуды хикаяттарында мынадай фразеологизмдер мен бейнелі тіркестермен, афоризмдермен өрнектейді: *сөзлерінің жаһары* – сөздерімнің гауһары, *не сөзлесе асылын біліп сөзлегей* – кісі не айтса да әуелі ойланып, істің мәнін біліп сөйлегей, *фасахат атына мініп* – шешендік атына мініп т.б.

Сөздерімнің жауһарын ариф көрүб қадірін біліп көб баһалы дүрр бекін даим құлақында тұтар. *Сөздерімнің маржанын дана көріп, мәнін түсініп, көп бағалы інжу сияқты дәйім құлағында тұтар* (Гл). Аууал кіші керек кім *не сөзлесе асылын біліп сөзлегей* дағы не харракат кім қылса маузун болғай бұл барча халық ұғланларына керек. *Кісі не айтса да әуелі ойланып, істің мәнін біліп сөйлегей дағы, не істесе де ақылмен істегей, бұл барша халық балаларына қатысты* (Гл).

«Адам – сұлулық» когнитивтік моделі. Ақын сұлулықтың эталоны ретінде Жаратушының қыз баласына берген әдемілікті ерекше суреттейді. Ол мәтінде соматикалық фразеологизмдер мен метафоралар арқылы репрезенттеледі. Себебі соматикалық атаулар тірек сөз қызметіне бейім келеді. Мәтіннен фразеологизм, метафора жасауға ұйытқы сөз болған мынадай соматизмдер жиі қатысады: *көз, құлақ, баш, тіл, йүз, ел, бағыр, тіс, ерін, шаш* т.б. Әсіресе, қыздың сұлулығын шығысқа тән образдармен табиғат құбылыстарына, асыл тастарға теңеу, балауға қатысты метафоралар орын алған. Мәселен, сұлу қыздың *тәнін, жүзін* – гүлге, Айға, Күнге, *көзін* – жұлдызға, *тісін* – маржанға, *шашын (бұрым)* – сүнбүлге, шынжырға т.б. балаған тіркестер мен теңеулер орын алған. Мәселен, *көзлерім йүрек қанын ақытты* – қатты жылау, *көзімнің құбыласы* – көзімнің назары, *Мәжнүн көзінің дәрежесінден* – Мәжнүн көзімен, *аш көзді* – ашқарақ, *Зұхра көзлі* – Шолпан көзді, *киік көзлі* – киік көзді, *кеч көзіме көрүндүң* – көзіме кеш көріндің, *хақарат көзі білән назар қылыб* – суық көзімен қарап, *құлақында тұтар* – есінде сақтар, *бас ойнап* – басымды беріп, *башымдан кетмеді* – ойымнан кетпеді, *тіл ұчында* – тіл ұшында, *гүл бәдәлі* – гүл денелі, *гүл жамалы* – гүлдің сұлуы, *қамар йүз* – ай жүзді, *шекер ләфзі* – тәтті сөзін т.б.

Мәжнүн көзінің дәрежесінден – аңыз бойынша Ләйлә асқан сұлу болмаса керек. Бидай өңді, арықша келген қарапайым ғана қыз екен. Ләйліге «Мәжнүннің көзімен қарау керек» деген қанатты сөзі осыдан айтылған. Бұл сөз қазақ тілінде «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» дейтін мақалмен мазмұндас (Уәли, 1998: 15).

Тіл көркемдігінің келесі өрнегі қыздың сұлулығын суреттейтін метафоралық сөйлемдер: Ділбарымның зүлфі сүнбүл чехрәсі гүлзар ерүр – *Сүйіктімнің бұрымы – сүмбіл, жүзі – гүлзар еді*. Бәдри дәуләт әләмә қутлу йүзің – *Толған айдай әлемге құтты жүзің*. Ділбарымның ол садаф тек ағзыда дүрр бар ерүр – *Сүйіктімнің аузында қабыршақ ішіндегі інжу бар еді*.

Осындағы «сүйіктімнің бұрымы» деген мағынадағы *ділбарымының зүлфі* тіркесі шығыс халықтарының қыздың сұлулығын сипаттаудағы дәстүрлі метафоралық қолданыс ескі қазақ фольклорлық үлгілерінде кездеседі:

Зүһра, рұхтарың гүлдей,

Таһи ана бұлбұлдай,

Қара зүлфің, Зүһіржан,

Қар үстінде сүмбілдей (Бабалар сөзі, 2005: 164).

Қазақ қыздарының да әсемдік үшін тағылатын қоспа шашы А. Диваевтың еңбектерінде айтылады: «Зұлпы – асыл тұқымды саналатын жампоз нардың қолтық, төс тұсында өсетін ұзын салалы бұйра жүн атау. Зұлпыны әйелдер шашқа қосып өретін дәстүр болған. Зұлпының басқа малдың жүндерінен айырмашылығы сонда, онда шуаштың сасық иісі болмайды» (Диваев, 1899: 83).

Қорытынды

Алтын Орда дәуірінде жазылған Сейф Сараидің «Гүлістан Түрікшесі» – күні бүгінге дейін өзінің құнын жоғалтпаған тілдік деректерге бай шығарма. Сегіз бапқа бөлінген шығарманың сол кездегі түркі қауымына арналған діни білімді негіздей отырып, «Адам» тұлғасын

қалыптастыратын діни-дидактикалық мазмұнда, яғни үгіт-насихат сипатында жазылған. Адам баласы қандай бір оқиғаға түскен жағдайда әдеп пен мораль нормаларының жиынтығын ұсынады. Сондықтан да болар ақын шығармада әр хикметін бейнелі сөздермен, фразеологизмдермен, афоризмдермен түйіндеп отырады.

Шығармадағы фразеологизмдер қорын талдау барысында мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- ескерткіште еркін тіркестің негізінен қалыптасқан, құрамындағы компоненттерінің өзара мағыналық арақатынасына қарай *фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тізбектер, фразеологиялық тұтастық* кездеседі;

- фразеологизмдерді құрылымдық тұрғыдан топтастыруда фонетикалық өзгеріске түскен, құрамында бір компоненті өзгерген, құрамы ұлғайтылған түрлері кездесетіні анықталды. Бұл топтағы фразеологизмдер сан жағынан көбірек;

- семантикасы сәйкес келгенмен, тұлғасы сәйкес келмейтін кейбір фразеологизмдердің құрамындағы компоненттердің этномәдени семантикасы ашылды, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы талданды;

- қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін фразеологизмдердің көбі кірме сөздердің қатысуымен (араб, парсы) жасалған, олар сан жағынан көп емес;

- ескерткіш тілінде қолданылған фразеологизмдер мен метафораларды талдай отырып, ең маңызды бірліктер анықталды. Олар семантикалық өріс түрінде көрінетін «Адам» концептісінің жұмсалуына негіз болды. «Адам» концептісінің аясында *билік ету, қанағатшылдық, тілге сақ болу* когнитивтік модельдерге бөлініп талданып, кейбір фразеологизмдердің қазіргі тіліміздегі баламаларымен салыстырылды, нәтижесінде сол кезеңдегі түркі қауымының ұжымдық санасында қалыптасқан ғаламның тілдік бейнесінің бір үзгін тануға болатындығы анықталды.

Қорыта келгенде, Сейф Сараидің «Түрікше Гүлістан» ескерткішіндегі фразеологиялық тіркестер қазақ халқының түркі тайпаларынан бөлініп, жеке ұлт болып қалыптаспай тұрған өтпелі кезеңдегі таным-түсінігінің тілдік қолданыстары екенін көрсетеді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Алтын орда дәуірі жазба ескерткіштері тілін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы» атты гранттық жоба (№ ЖТН 14869737) аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Бабалар сөзі: 100 томдық. Ғашықтық дастандар. – Астана: Фолиант, 2005. – Т. 19. – 326 б.
- Диваев А. (1899) Несколько слов о киргизском хозяйстве // Сборник, изданный по поводу политехнической выставки. – СПб., 1899. – Вып. 1. – С. 80-86.
- Жұбатова Б. (2010) Қазақ тіліндегі араб, парсылық фразеологизмдер: филол. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 40 б.
- Кеңесбаев І. (2008) Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
- Кеңесбаев І. (2007) Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- Манкеева Ж. (2008) Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 352 б.
- Миннегулов Х.Ю. (1972) Переводы и оригинальные произведения Сейфа Сарай: автореф. ... канд. филол. наук. – Казань, 1972. – 39 с.
- Наджиш Ә. (1975) Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма-Ата: Наука, 1975. – Ч. 1-2.
- Сабыр М.Б. (2003) Алтын Орда дәуірі: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы (XIV ғ.). – Алматы: Lider, 2003. – 320 б.
- Сыздық Р. (2004) Яссауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 бет.
- Усманов Х., Махсудова З. (1980) Сейф Эс-Сарай. Китабе Гулистан бит-тюрки. Саифа Сарай: В 2-х ч. – Казань: КГУ, 1980. – 249 с.
- Uzulukun F. N. (1954) Önsözü ile birlikte «Seyfi Serayı Gülistan tercümesi». – Ankara, 1954.
- Уәлиев Н. (1998) Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.

References

Babalar sözi: 100 tomдық. Ғашиқтиқ дастандар [The word of ancestors: 100 volumes. Love epics]. – Astana: Folio,

2005. – Vol. 19. – 326 p. (in Kazakh)

Divayev A. (1899) Kirgiziin ediin zasgiin talaar kheden üg [A few words about the Kyrgyz economy]. – Collection published on the occasion of the polytechnic exhibition. – St. Petersburg, 1899. – Issue 1. – P. 80-86. (in Russian)

Jubatova B. (2010) Kazakh tilindegi Arab, parsylyk phraseologismder [Arabic and Persian phraseologisms in the Kazakh language]: philol. science. doct. ... abstract. – Almaty, 2010 – 40 p. (in Kazakh)

Kyenyebayev I. (2008) Kazak biyeiin tsagaan tos [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Arys, 2008. – 608 p. (in Kazakh)

Kyenyebayev I. (2007) Frazyeologiin üg khelleg [Phraseological dictionary]. – Almaty: Arys, 2007. – 800 p. (in Kazakh)

Mankeeva J. (2008) Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi [Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language]. – Almaty: Zhibek Zholy, 2008. – 352 p. (in Kazakh)

Minnegulov KH.YU. (1972) Perevody i original'nyye proizvedeniya Seyfa Sarai [Translations and original works by Seif Sarai]: abstract ... PhD in Philology. – Kazan, 1972. – 39 p. (in Russian)

Nadjip A. (1975) XIV ғасырдағы түркі тилдес ескерткіш «Gülistan» Seyf Saray jäne onıñ tili [The XIV century Turkic-speaking monument "Gulistan" of the Sarai Safe and its language]. – Alma-Ata: Nauka, 1975. – Part 1-2. (in Russian)

Sabyr M.B. Altan Ord dauiri: Kutypty «Khusrau myen Shyryn» shüleg (XIV g.) [The era of the Golden Horde: Kutyp's poem "Khusrau and juice" (XIV century)]. – Almaty: Lider, 2003. – 320 p. (in Kazakh)

Syzdyk R. (2004) Yassavi «Khikmyettyerin» tili [The language of the "Wisdom" of Yassawi]. – Almaty: Dictionary-Dictionary, 2004. – 552 p. (in Kazakh)

Usmanov Kh., Makhsudova Z. (1980) Safe Es-Sarai. Saif Saraigiin Kitabye Gulistan bit-Turks: 2 khesegt [Safe Es-Sarai In The Kitab Of Gulistan bit-Turk. Saifa Sarai: In 2 hours]. – Kazan: KSU, 1980. – 249 p. (in Russian)

Uzulukun F. N. (1954) Önsözü ile birlikte «Seyfi Serayi Gülistan tercümesi» ["Seyfi Serayi Gulistan translation" with its preface]. – Ankara, 1954. (in Turkish)

Ualiyev N. (1998) Frazyeologizmder qalıptı emes [Phraseology and language norm]. – Almaty: Republican Publishing Office, 1998. – 128 p. (in Kazakh)